Мектеп оқушылары арасында талантты балаларды анықтап, жаңа бейнелерді ашу мақсатында өткізілген бұл ән байқауы «Көшбасшы» шаңырағы және қосымша білім беру мамандарымен бірлесе отырып өтті. Сайыс жоғарғы деңгейде өтіп, көпшіліктің көңілінен шықты. Әсіресе, қатысушылар арасындағы бәсекелестік қарқыны байқалып, жанкүйерлер қолдауы өте әсерлі болды. Байқау жүргізушілері ретінде бірінші бөлімге мектептің президенті **Әбіш Уалихан 11 «F» оқушысы**, екінші бөлімге **Әбдірешов Жандос 11 «B» сынып оқушылары** тағайындалды.

«NIS дауысы» ән байқауына ниет білдірген барша оқушылар қатыса алды. Кеш шымылдығын **Нурмухаметқызы Камила 9 «K» және Мұхаметқазы Нұрай 7 «A» сынып оқушылары «Нравится мне» әнімен ашты.** Сайыста соло қатысушылармен қатар дуэт және квартет құрған оқушылар қатарына **7 «A» сыныбының оқушылар: Серібай Мадина, Әділқызы Алуа, Еркін Айгерім, Сұлтанова Сабина** өз өнерлерін паш етті.

Іс-шараға дайындалу кезінде, бірқатар безендіру жұмыстарына байланысты қиындықтар туындады. Сонымен қоса, оқушыларды концерттік бағдарламаға әзірлеу барысында оларды

дайындыққа ұйымдастыру тоқсандық бақылауларға сәйкес келгендіктен, қосымша мәселелер шығып жатты. Сонымен қатар, оқушылардың кәсіби деңгейлері арқылы іріктеу талап ететіндігі анықталды.

«NIS дауысы» атағын 7 «А»-сынып оқушысы: Кабул Темерлан жеңіп алды. 1-орын 10 «В»-сынып оқушысы: - Мырзакулова Нұрсұлу, 2-орын 9 «К»-сынып оқушысы: Елеусизова Дина, 3-орынға 11 «Н»-сынып оқушысы: Кадыркулова Шолпан жайғасып, «Үздік сахналық образ» номинациясымен: Шваров Рустам 11 «М», «Үздік сахналық бейне» - Шерланов Жангир 7 «Л», «Көрермен көзайымы»- Жолжақсынова Ділда 10 «А», «Үздік тембр» - Медеубаева Алия 11С, «Жыл жаңалығы-2019»- Миллер Анастасия 11М, "Үздік квартет дебюті"- Серібай Мадина, Әділқызы Алуа, Еркін Айгерім, Сұлтанова Сабина (7А) иеленді. Жеңімпаздарға арнайы сыйлықтар және мақтау қағаздары табысталды.



### «NIS дауысы» қатысушыларын маратпаттау сәті

2018-2019 оқу жылының 4-тоқсанында шаңырақ көшбасшыларының жұмысын күшейту жоспарланып, жүзеге асырылды. Бұл қоғамға қызмет, ып отыр. Шаңырақтардың рейтингін шығару арқылы үздік шаңырақты айқындау, шаңырақтар арасында көшбасшылықты дамытады. Уикипедиядан жарыс ұйымдастырып, жобаны мектебімізде дамыту алдымызда тұрған үлкен мақсат.

03.05.2019 жылы жыл сайынғы «NIS бұымды аруы-2019» байқауы өтті. Безендіру және ұйымдастыру шарасына оқушылар белсене араласты. Байқаудың мақсаты әдет-ғұрыпты сақтап, шаш әдебі жайлы ырым-тиымдарды дәріптеу болды





2019 жылдың 17 мамырында 9-сынып ұлдарының арасында мектебімізде ата салтын ардақтайтын, өз елін сүйер нағыз қазақ жігітінің қасиеттерін бойына сіңіре білер ұрпақты тәрбиелеу мақсатында «Ұлы даланың ұлдары» сайысы ұйымдастырылды.

Қатысушылар «Жеті атасын білген ер, жеті жұрттың қамын жер», «Ел іші, өнер кенші», «Білімді жүзден озар», «Шынықсам шымыр болармын» сияқты 4 кезең бойынша өз өнерлерін ортаға салды.



**Рухани-адамгершілік, көркем-эстетикалық бағыты. Шаңырақтар арасындағы «Театр күні»:**

Оқушылардың бойында театр мәдениетін баулу, ұлттық құндылықтарды көбейту және көркем-эстетикалық тәрбие бағытындағы жұмыстар аясында наурыз айында «Театр күні» ұйымдастырылып М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының бірқатар қойылымдарын оқушыларымыз тамашалады. Театр – оқушыларды эстетикалық адамгершілік пен ізгілікке тәрбиелеудің аса маңызды құралы.

01 наурыз күні куратор Серікбаева Б.Б. ұйымдастыруымен 9 С сыныбы оқушылары және ата-аналарымен бірге Мұхтар Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрына барып, «Жүз жылдық махаббат» драмасын тамашалады. Роман мазмұны әрекетке құрылған табиғаты сахналық ойын-сауықтың мазмұн-желісі мен идеялық-эстетика негізін құрайтын драма арқылы ашылды. Қойылым режиссері: А. Кәкішева, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері



Заманынан озып туып, соңына өшпес рухани мол мұра қалдырған, көрнекті ақын, Алаш ардагері Мағжан Жұмабаев тағдырының ақтаңдақтары аз емес. Халық жауы науқанымен екі рет ұсталып, қырық төрт жыл ғұмырының он жылын қапаста, түрмеде өткізген ақынның қасіретті тағдыры спектакльде аяулы жары Зылиханың естелігі арқылы беріледі.

Еркін рухты, құдыретті жырлар жазған «нағыз ұлттың, әлеуметтің, халықтың сөзін сөйлеген» (М. Әуезов) Мағжан ақын... Қиын-қыстау уақытқа, небір кедергілерге қарамай ерінің соңынан іздеп сан рет барған; өмір бойы Мағжан рухын ардақтап, өзінің соңғы демі біткенше ұлы ақын жырларының кейінгі ұрпаққа жетуіне бар күш-жігерін салған Зылиха... Олардың ұлы махаббаты – кейінгі сан ұрпаққа өнеге.

**5 наурызда мектебіміздің педагог-ұйымдастырушы-кураторлары Ж.Маркабаева, Н.Иманбекова, С.Сатаева, Ғ.Елтузерова, А.Жолдас, М.Қаипқалидың ұйымдастыруымен 7-11 сыныптың 180 оқушы «Мөлдір махаббат» драмасын тамашалады.** Роман мазмұны әрекетке құрылған табиғаты сахналық ойын-сауықтың мазмұн-желісі мен идеялық-эстетика негізін құрайтын драма арқылы ашылды. Қойылым режиссері: Әубәкір Рахимов.



«Мөлдір махаббат» драмасын тамашалау арқылы оқушылар ізгілік пен махаббат, зұлымдық пен қиянат секілді қасиеттердің арақашықтығын, олардың айырмасын көре білді. Зұлымдықтарды сынап отырып, адамдарға ізгілік жолын, имандылық жолды көрсету керектігін ұғынды. Оқушылар театр сахнасында өтіп жатқан оқиға әрекет пен оған қатысушы-қаһармандардың ой-арманына, шат күлкісі мен сезіміне, күйінішіне, жалпы тіршілік-тынысына бейжай қарамай, бар ынта-зейінімен, ынтызар көңілімен қарады, яғни олар сол сәтте сахналық өмір көріністерінің жай бейтарап, бақылаушысынан гөрі тікелей қатысушысы ретінде бой көрсетті. Қорыта айтқанда, театрдың қоғамдық-тәрбиелік қызметі мен идеялық-эмоциялық және көркемдік-эстетикалық әсер күші де осыған саяды. Жүсіпбек Аймауытов айтқандай «... театр деген нәрсе ермек емес, көңіл көтеру де емес, ол – үлгі, ол – тәрбие, өнер орны».



12

наурыз күні «Ақтастағы Ахико» тарихи қойылымын «Атамекен» шаңырағының оқушылары тамашалады. Алаш арыстары жайлы бұл қойылымның оқушыларымыз үшін маңызы зор.

15 наурыз мектеп ішінде «Театр күні» деп жарияланып, «Қорқыттың көрі» атты қойылымды 280 қызметкер, ата-ана, оқушылар тамашалады.

2019 жылдың 13 сәуірінде *жаңару мен жасампаздықтың бастауы, ырыс пен берекенің арқауы* Наурыз мерекесіне арналған «Ұлы даланың жеті қыры» атты әдеби-сазды қойылым көрсетілді. «Ұлы даланың жеті қыры» атты әдеби-сазды қойылым ұлттық болмысымызды сақтауға, тарихымызды жаңғыртуға, ұлттық мұрамызды паш етуге бағытталды.

Осыған орай «Ұлы даланың жеті қыры» атты көрме ұйымдастырылды. Жалын шаңырағы көрмеге барлық тарихи бағыттар бойынша қолөнер бұйымдары топтастырды. Оқушылар өздерін қызықтырған атқа міну мәдениеті, ұлы даладағы ежелгі металлургия, аң стилінің өнері, алтын адам, түркі әлемінің бесігі секілді тақырыптарды кеңінен тануға мүмкіндік алды.



Ұлы даланың жеті қыры әлемдік өркениетті құру мен дамытуға септігін тигізген. Ерте заманда металлургияны, қола мен темірді өндеуді меңгере отырып, біздің ата-бабаларымыз әлемдік өркениеттің дамуына зор үлесін қосты.

Қойылымда біздің ата-бабаларымыз мұрасының жарқын көрінісі, көркем болмысы мен рухани байлығының айшықты белгісі – «аң стилі өнері» ерекше көрсетілді. Жануарлар бейнесін

тұрмыста пайдалану арқылы адам мен табиғаттың өзара байланысының символына баланып, көшпенділердің рухани бағдарын айқындап берді. Оқушылар қойылымда «аң стилі» феномені әлемдік өнердегі биік белестердің бірі саналатынын айшықтап көрсете білді.

Еркенже бейнесі арқылы оқушылар біздің түп-тамырымызға жаңаша көзқараспен қарауға жол ашып, әлемдік ғылым үшін сенсация саналған жаңалық «Алтын адамның» тылсым құпиясын аша білді. Қойылымды тамашалай отыра, дала халқы өз көсемдерін осылайша ұлықтап, оның мәртебесін күн секілді күдірет деңгейіне көтеріп асқақтатқанын көруге болады. Жауынгердің алтынмен апталған киімдері ежелгі шеберлердің алтын өңдеу техникасын жақсы меңгергенін аңғартады.



Наурыз мейрамы мектептегі ұлт пен ұлыстардың арасындағы достықты бекітуге, бауырластық қарым-қатынастардың нығаюына, әр ұлттың салт-дәстүрінің қайта жаңғыруына өзіндік үлесін қосты. Биылғы Наурыз мектеп тарихындағы жаңа бір кезеңнің бастауы болуымен де ерекшеленді.

Ата салтын ардақтайтын, өз елін сүйер нағыз қазақ жігітінің қасиеттерін бойына сіңіре білер ұрпақты тәрбиелеу мақсатында Алматы қаласы ХББ НЗМ «Ұлы даланың ұландары» сайысы өтті.

Аталған сайыс барысында жігіттердің бойындағы күш-жігер, өнерлерімен қатар білім жүйесіндегі талпыныстары да анықталды. Дүбірлі додаға 9 сынып оқушыларынан білекті де білімді 7 жігіті бақ сынасты. Жігіттер байқау барысында қазақ тілінің мәртебесін асқақтатып, өз елінің патриоты екенін көрсетті. Қатысушылар «Жеті атасын білген ер, жеті жұрттың қамын жер», «Ел іші, өнер кенші», «Білімді жүзден озар», «Шынықсам шымыр болармын», сияқты 4 кезең бойынша өз өнерлерін ортаға салды. «Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда» дегендей жігіттердің сегіз қырлы бір сырлы екені алғашқы бөлімнен-ақ байқалды.



Байқау қорытындысы бойынша 9 «С» сынып оқушысы Жусипхан Аманмырза III орыннан көрініп, 9 «А» сынып оқушысы Батырханов Санжар II орынды жеңіп алды. Ал «Ұлы даланың ұландары» сайысында I орынмен 9В сынып оқушысы

Нұрланқұл Шернияз марапатталды. Байқауға қатысқан барлық үміткерлер әр түрлі номинациялар берілді.

Алматы қаласы ХББ НЗМ-де мектеп түлектеріне соңғы қоңырау соғылып, 115 оқушы мектеп табалдырығынан үлкен өмірге қадам басты. Биылғы түлектер – Жастар жылының түлектері, болашақта бәсекеге қабілетті және кәсіби шеберлігі жоғары маман болуға лайықты тұлғалар.

Салтанатты жиынға ата-ана қауымы, қонақтар, мектептің Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Ғалымжан Тоғызбаев қатысып, өз лебіздерін білдірді. «Рухани жаңғыру», «Ұлы даланың жеті

қыры», «Жастар жылы», НЗМ10 жыл, CIS халықаралық аккредиттелуден өтуі мектеп шығармашылық тобының дайындаған әсерлі хореографиялық көрінісі арқылы бейнеленді. «Сыңғырла, соңғы қоңырау» мерекелік шарада мектеп директоры сөз сөйлеп, биылғы жыл мектеп тарихындағы елеулі кезеңнің бірі екенін айтып өтті. Оның бірі – білім ордасы CIS халықаралық аккредиттелуінен өтіп, жоғары мәртебеге ие болуы. Мектеп түлегі Лия Тимурға осы салтанатты сәттің қарсаңында келіп түскен Германия Білім беру Министрлігінің арнайы жолдамасын табыстады. Лияға тосын сый болған құжат түлекке Германияның кез келген университетінің студенті болып қабылданатынын растайды. Лия Тимур екінші шет тіл ретінде



неміс тілін жетік меңгеріп, арнайы халықаралық тесттен ең жоғары нәтижеге ие болған еді.

Алматы қаласы ХББ Зияткерлік мектебі 2018-2019 жж оқу жылында халықаралық, республикалық, аймақтық байқауларға, әр түрлі деңгейдегі олимпиадаларға, турнирлер мен жарыстарға қатысып жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Оқу жылы барысында мектеп оқушылары зияткерлік және шығармашылық жобаларды белсенді түрде іске асырды. Соңғы қоңырауда мектеп үздіктері, белсенділері мен олардың ұстаздары, жыл бойы барлық көрсеткіштер бойынша жоғары балл жинап, «Үздік шаңырағы» атағына ие болған «Үш қоңыр» шаңырағы, мектептің шығармашылық топтары, мектепте іске асырылып жүрген 100 ән, 100 күй, 100 кітап, Ted-x, Red-x. Жобаларының номинанттары салтанатты шеруге шықты.



«Соңғы қоңырауды беру рәсімі мектеп түлегі Канада University of Waterloo-ның грант иегері, «MATHEMATICS WITHOUT BORDERS» математикадан халықаралық чемпионатының, "Infomatrix - Asia 2018" халықаралық олимпиада, «Open innovations Startup Tour»



олимпиадаларының жүлдегері Әлімжан Кеңесбеков пен оқу озаты, 7 сынып оқушысы Тұраш Аружанға берілді. Осы қуанышты сәтте Ана мектебі- білім шағырағы өз шәкірттеріне жылы



мейіріммен қарап тұрған секілді. Қасиетті қоңырау соңғы рет соғылып, Алматының көк аспанына ақ көгершіндерді жіберіп, қоштасу вальсі әуенімен ұядан ұшар түлектер үлкен бақытты жарқын өмірге аяқ басты.

**Қорытынды:** Оқу жылының соңына қарай жыл бойы жеткен жетістіктеріне, оқу үлгеріміне, мектептің қоғамдық өміріне қатысуына қарай үздік шаңырақ анықталады. 2018-2019 оқу жылы 4 тоқсан нәтижелері бойынша ілгері шығып, жеңіп шыққан Үшқоңыр шаңырағы



болды. Үшқоңыр шаңырағы 1760 балл жинап, Туған елге тағзым өлкетанулық экспедицияға Көкшетау қаласына Бұрабайға жолдама алды.

Шаңырақтар қауымдастығы координациясының 2018-2019 оқу жылындағы **ұтымды тұстары**: Шаңырақтар арасында көшбасшылық қасиеті жақсы дамыған. Әр шаңырақ жарыстарда жеңу үшін бар ынтасын салады. Ауызбірлілігі мен ынтымақтастығы нығаяды. Шаңырақ ішінде сыныптар бір-біріне деген татулығы өзара көмектесу арқылы сезіледі.

**Кемшіліктер**: Шаңырақ көшбасшыларын жиналысқа жинау ұзақ уақыт алады. Шаңырақ көшбасшылары тарапынан белсенділік білінбейді. Көшбасшылар ақпаратты өз шаңырақтарына жеткізбейді.

**Ұсыныстар:**

- Шаңырақ көшбасшыларын шаңырақ ішінде ғана емес, мектепшілік деңгейде таңдау керек;
- Атқарылған жұмыс бойынша жыл соңында мақтау қағазымен марапаттау. Шаңырақ көшбасшыларының атқаратын қызметінің тізімін тағайындау;
- Өзін-өзі басқару ұйымы мен шаңырақ көшбасшылар қызметін біріктіру арқылы шаңырақ көшбасшыларын белсенділік пен жауапкершілікке уәждеңдіру;
- Шаңырақтардың тоқсандық/жылдық жетістіктері мен нәтижелерін көшбасшылардың өздеріне санату арқылы әр жобаға қатысудың маңыздылығын түсіндіру.



Жоғарыда келтірілген кестедегі жүйені жүзеге толыққанды асыру.

**Қоғамға қызмет (Рухани-адамгершілік даму)**: Оқушылардың бойында адамгершілік, қайырымдылық, әлеуметтік жауапкершілік қасиеттерін дарыту өте маңызды. Бұл ретте «**Қоғамға қызмет**» жобасы жұмыс істейді, іс-шаралары жоспарланған, әр шаңырақ өз кезегінді жылына екі рет үлкен қайырымдылық шарасын өткізеді.

2018 жылдың 1 қазан күні Алматы қаласындағы Ардагерлер үйіне біздің Атамекен шаңырағы Қарттар күнімен құттықтау үшін барды. Оқушылар қарттарымызға шағын сыйлықтар дайындаған болатын, Ардагерлер үйінің 100 мүгедек адамдарына арналған ыдыстар табысталып, 6 ардагерімізге арнайы сыйлықтарын табыстап қайтты. Қарттар үйіндегі қарт кісілермен әңгімелесуінің өзі бір үлкен тәрбие деп айтуға болады. Қарт кісіні құт-береке деп танысақ-ол ұрпақ көрегендігі. Қарттарымызды келер ұрпақ құрметтеп, қастерлеп жатса, ол біздің еңбегіміздің ақталғаны деп білеміз.

Бұл бағыттағы үлкен шараның бірі 1-тоқсанның соңғы күні ұйымдастырылған «Food festival» барысында оқушыларға әлем елдерінің ұлттық тағамдары мен мәдениетін таныстырып, қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды.



Акция барысында 320000 теңгенің қаржысы жиналды, оның жартысы Астана қаласындағы көпбалалы мұқтаж отбасыға және жартысы ЮНИСЕФ қорына аударылды.

**2018 жылдың 7 желтоқсанында** «Патриот және «Бірлік» шаңырақтарының кураторлары Марқабаева Жанар және Жолдас Анельдің ұйымдастыруымен қайырымдылық шарасы аясында ата-аналардың қолдауымен Алматы қаласында орналасқан «Аманат» әлеуметтік үйіне көмек көрсетілді. Бұл үйде қараусыз қалған қыз балалар мен материалдық жағдайы төмен отбасылардың уақытша тапсырған қыздары тәрбиеленуде. Әлеуметтік үйдегі қыздар үшін барлық жағдай жасалған, ұйқы бөлмесі, сабақ қарайтын, демалыс бөлмесі және асхана ұйымдастырылған. Әлеуметтік үй қайырымды жандардың қолдауымен жұмыс істеп тұр. Осындағы тәрбиешілермен алдын ала хабарласып, қажетті заттардың тізімін алдық. Соған сәйкес кеңсе тауарлары, қазақ тіліде әдеби кітаптар, елу мың теңге көлемінде көмек берілді. Соған сәйкес кеңсе тауарлары, қазақ тіліде әдеби кітаптар, елу мың теңге көлемінде көмек берілді.


Акция барысында оқушылар әлеуметтік үйдің тәрбиеленушілері үшін ән шырқап, би биледі. Акцияның оқушылар үшін тәлімдік мазмұны жоғары болды. Олар отбасы құндылығын және ата-ананың орнын бағамдап, тәрбиелік сабақ алды.





Акция барысында оқушылар әлеуметтік үйдің тәрбиеленушілері үшін ән шырқап, би биледі. Акцияның оқушылар үшін тәлімдік мазмұны жоғары болды. Олар отбасы құндылығын және ата-ананың орнын бағамдап, тәрбиелік сабақ алды.

**2018 жылдың 8 қараша күні** Алматы қаласы Назарбаев Зияткерлік мектебінде Мектепішілік өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен қарашаның он бесі күні кино көрсетілім өтті. Кино көрсетілімге оқушылар, мектеп мұғалімдері және мектеп ұжымы қатысты. Оқушылар мен мұғалімдер «Бизнес по Казахстану в Америке» киносын тамашалады. Кино көрсетілім ақылы түрде болып, көрсетілімнен түскен қаржы қайырымдылық мақсатқа жұмсалды. Тараз қаласында оқитын Жеткербай Назерке есімді оқушы қыздың еміне көмек ретінде аударылды.





2018 жылдың 28 қараша күні ХББ НЗМ оқушыларының ұйымдастыру аясында, «Ризашылық күніне» орай Қарттар үйінде қайырымдылық іс-шарасын өткізді. «Қарты бар үйдің, қазынасы бар» демекші, қарттар үйі ата-әжелердің аялы алақаны мен ақ батасы

бар қазыналы орын. Өкінішке орай, перзент атаулының бәрі ата-анасын алақанына салып аялап отырған жоқ. Түн ұйқысын төрт бөлген анасын, баласының бақыты, игілігі үшін бар күш-қуатын арнаған әкесін қартайған шағында қарттар үйіне өткізіп жатқан қатыгез балалар арамызда баршылық. «Қоғамға қызмет ету» жобасы аясында оқушылардың бойында ата-анасын сыйлау, қарияларды құрметтеу мақсатында Алматы қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің «Жау жүрек», «Үшқоңыр» шаңырақтары /кураторлары Айбек Ақбаев, Сауле Сатаева/, ата-аналардың қолдауымен қарттар үйіне барып қайтты. Оқушылар немерелеріне ертегі айтар әжелер мен балаларына өсиет айтар аталарымызбен әңгімелесіп, олардың денсаулықтарын біліп, туған күн иелерін туған күнімен құттықтады. Қарттар оқушылардың орындаған және оқыған өлеңдерін тамашалап, алғыстары мен батасын берді.



**2019 жылдың 24 қаңтар күні** - Алматы қаласындағы Ардагерлер үйіндегі қарияларды М.Әуезов атындағы драма театрына 10 А және 11 Е сыныптарының оқушылары мен куратор: Кудекова А.К., Дүйсеке С.Қ. алып барып қайтты. Қоғамға қызмет жоба негізінде жүзеге асырылатын бұндай іс-шаралардың мақсаты: оқушылардың рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту, оларды мейірімділікке, қамқорлық көрсетуге, көмек көрсетуге, ізгілікке, ілтипаттылыққа, сыйластық көрсетуге, қайырымдылыққа, ізеттілікке, құрмет көрсетуге тәрбиелеу. Оқушыларымыз театрға барар жолда қарияларымыздың өсиет-әңгімесін тыңдап, спектакль алдында «Аспандияр» асханасынынан тамақтанып, ерекше көңіл-күйде спектакль көруге кірді. Дәл сол күні М.Әуезов атындағы драма театры сахнасында «Менің сүйікті ағатайым» премьерасы қойылды. Қарияларымыздың өмір жолдары бүгінгі ұрпаққа табылмас қазына. Қарттар – біздің асыл қазынамыз – деп білеміз. Асыл қарияларымыз 10 «А», 11 «Е» сынып оқушыларына шын жүректен ақ тілектерін жаудырып, ақ батасын берді. Қарт кісіні құт-береке деп танысақ-ол ұрпақ көрегендігі. Қарттарымызды келер ұрпақ құрметтеп, қастерлеп жатса, ол біздің еңбегіміздің ақталғаны деп білеміз.



**2019 жылы 7 ақпанында** «Тұлпар» шаңырағы №2 қалалық балалар үйіне барып, ондағы тәрбиеленушілермен кездесіп қайтты. Шаңырақ оқушылары балалармен тез тіл табысып, оларды ойнатып, кітап оқып, біраз уақыттарын қызықты өткізді. Кішкене бүлдіршіндер аға-әпкелеріне тақпақ, өлең айтып өз өнерлерін көрсетіп жатты. Біздің оқушылардың бір байқағаны Балалар үйінің тәрбиеленушілері өз тәрбиешілерін ,жалпы үлкен әйел адамдарға «мама»- деп атайды екен. Қорытындылай келе, біздің оқушылығымызға аталған сапар үлкен әсер қалдырды және кері байланыс бергенде олар ата-анасының жылуын көріп бақытты балалық шақта өмір сүріп жатқандарына қуанатындығын жеткізді.

### Ардагерлер үйіндегі Гала-концерт

15 мамыр күні Алматы қаласындағы №3 Арнайы әлеуметтік көмек көрсету орталығына (Қарттар үйі) химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің оқушылар ұжымы үлкен миссиямен аттанды. Алпысқа жуық зияткерлерден құралған шығармашылық топ соғыс және тыл ардагерлері үшін Ұлы Жеңістің 74 жылдығына арналған гала-концерт ұйымдастырды. Мәжіліс залы лық толып, 100-ден астам көрерменді жинады. "NIS дауысы" мектеп байқауының Гран-при иегері Темірлан Қабылов, Жәния Бакизова, Дана Даирова, CS "Dream Team"квинтеті көрермендердің ыстық ықыласына бөленді. Темірлан атақты "Смуглянканы", Жәния Бакизова "Әлия", Дана Даирова "Кукушка", CS "Dream Team" квинтеті "Катюша"-ны орындады. Мектептің халық аспаптар оркестрі орындаған "Ата толғауы" және "Адай" күйлеріне, би тобы ұсынған әскери тақырыпта композиция мен сарбаздар вальсіне ардагерлер ду қол шапалақтарын аямады. Ардагерлерге естелік сыйлықтар табыс етілді. Оқушылар алдында 92 жасар тыл ардагерлері Татьяна Ивановна Рябченко мен Александра Григорьевна Шарова үлкен ризашылықпен сөз сөйледі. Ардагерлер балаларға тылдағы еңбек майданының қиындықтары туралы айтып, 13-14 жас аралығында ұйқысыз және демалыссыз әскери зауытта снарядтар дайындап, әр сағат сайын майданға жіберіп отырғаны туралы сыр шертті. соңында Зияткерлік мектеп директорының тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары Лаура Қыздарбекова ардагерлерді шын жүректен құттықтып, өскелең ұрпақ үшін соғыстың куәгері болған майдангерлермен кездесудің үлкен маңыздылығы туралы сөз қозғады. Ардагерлер оқушыларға жылы лебіздерін білдіріп, оқуда үлкен табысқа



жетулерін тілеп шығарып салды.

17.05.2019 жылы Алматы қаласы, химия-биология бағытындағы, Назарбаев Зияткерлік мектебінің «Бесік шаңырағы» оқушылары және ата-аналары «Қоғамға қызмет» жобасының аясында №1 балалар үйіне барып, тәрбиеленушілерге дастархан жайды. Бұл балалар үйіне барудың басты мақсаты, оқушылар бойында ұлттық құндылықтарды дамыта отырып, қоғамға қызмет көрсету, бейімдеу, адамгершілік, жанашырлық қасиеттерін дамыту болды. Балалар үйінің тәрбиеленушілерімен

бірге оқушылар тіл табысып, ортақ қызығушылықтар тауып, түсінісіп кетті. Кері байланыс жасау барысында, «Бесік» шаңырағының оқушылары өздеріне көптеген ойлар түйгені жайлы және осындай кездесулердің жиі болса екен деген ұсыныс жасады.



2018-19 оқу жылы бойынша «Қоғамға қызмет» жобасы бойынша 100 пайызға қамтып өткізді. Жыл бойынша 12 іс-шараны қамтып, оқушылар қайырымдылық жасау арқылы өз көмектерін көрсете білді. Өткізілген іс шараларды атап айтар болсам: «Қарттарым асыл қазынам», «Кино әлемі акциясы», «Қарттар үйінде атаулы күн», «Қарттарым аман-сау жүрші», «Фудфэст қайырымдылық жәрмеңкесі», «Аманат балалар үйіне көмек», «Балаларға қуаныш сыйла», «Қайырымдылыққа жаным құмар», «Соғыс ардагеріне көмек», «Ер – есімі, ел-есінде» қайырымдылық концерт, «Жүректен жүрекке» акциялары. Осы қайырымдылық акциялары арқылы рухани-адамгершілік тәрбие бағытын дамытып, оқушыларды адамдық асыл қасиетке баулыды.

Қайырымдылық — халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі. «Жанашырлыққа — жан риза» дегендей кемтар, жетім, қамқорлыққа алынған балалардың жанашыр қамқоршысы болып, аялы алақанын тосып, жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске ат салысу әрбір адамның азаматтық парызы. «Жылуы жоқ үйден без, қайырымы жоқ биден без», - дегендей қайырымдылық, адамгершілікті биік ұстап, кісілікті ту етіп, көкірегі қаяулы, жаны жаралы жанның жасын сүртіп, жылы лебізін аямай, қолдан келген жәрдемін ұсынып, достық пейілдерін танытуға ат салысамыз! Қорыта айтқанда, әлеуметтік жоба бойынша ХББ. Алматы қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі барынша ат салыса білді.

**«Даналық бейсенбісі»** оқушылардың ғалым, қоғам қайраткерлері, өнер иелерімен кездесуіне мүмкіндік береді. Жоба аясында жыл бойы оқушылардың сұраныстарына сәйкес ғылым, мәдениет, спорт, бизнес қайраткерлерімен және жоғары сынып оқушыларына мамандық таңдауға көмек ретінде ЖОО өкілдерімен кездесулер ұйымдастырылды.

Алғашқы кездесу 2018 жылғы 12 қыркүйек күні НЗМ-де Жапонияның Васеда университеті өкілдерімен өтті. Шығыс елінің оқытушылары Зияткерлік мектептің жоғары сынып оқушыларымен танысты, университеттің тарихын айтып, соңында қызықты викторина өткізді. Үздік және дұрыс жауаптардың авторларына жапон делегация басшысы мистер Atsushi Ogihara естелік сыйлықтарды тарту етті. Кездесу өте қызықты болды. НЗМ оқушылары шара барысында өздерін қызықтырған сұрақтарға, оның ішінде грантка түсу мүмкіндіктері, факультеттердің бағыттары, тіл жағдайы туралы, тұшымды жауаптар ала алды.



28

қыркүйек күні мектебіміздің акт залында 10-12 сыныптар оқушыларымен «Лига волонтеров» өкілімен кездесу болған болатын. Кездесу барысында еріктілер қатарына қосылудың мақсатын, артықшылықтарын айтып кетті. Алматы қаласы ХББ Зияткерлік мектебінде- Германия оқушылары Алматы қаласының ХББ және ФМБ мектептерінде осы аптада Оберкохен неміс қаласынан гимназия оқушылары келді. Халықаралық әріптестік аясында НЗМ және Эрнест Эббе гимназиясының жоғары сынып оқушылары осымен екінші жыл қатарынан «Отандық тағам өндірушілерінің өнімдері» тақырыбында бірлескен ғылыми-зерттеу жобасын жүзеге асыруда. Жоба аясында Зияткерлік мектеп оқушылары 2017 жылдың күзінде Оберкохен қаласындағы әріптестік мектепте болды. Оқу мен тәжірибе ұштастырылып, оқушылар шаруа қожалықтарында, шоколад, ірімшік өндіру фабрикаларында болды. Делегация өкілдері Алматы қаласы химия-биология бағытындағы мектеппен танысу экскурсиясын жасап, химия, биология сабақтарына қатысып, техноторийдің жұмысымен танысты.

Оқушылардың денсаулығы басты байлығымыз екенін ұмытпауымыз керек. Салауатты өмір салтын насихаттау, оқушылардың арасында қалыптастыру мақсатында спорттық шаралар, салауатты өмір туралы дәріс оқылып, кездесу өткізілді.



12.09.2018ж 7-8 сыныптарға «Дұрыс тамақтану», 10.10.2018ж. кездесуде «Ағзаға пайдалы дәрумендер мен микроэлементтер» туралы тақырыпта сөз қозғалды.

3 желтоқсанда Тұңғыш Президент-Елбасы күніне орай мемлекет басшысының өмір жолына арналған кинотуындылар көрсетілімі аясында «Көшбасшы жолы» киноэпопеясында басты рольді сомдаған белгілі актер, композитор Н.Әлімжановпен кездесу өтті. Осы күндері мектеп ұжымына "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ Елбасы кітапханасымен бірлесіп деректі фильмдер топтамасын ұсынылды.

6 желтоқсанда режиссер Сатыбалды Нарымбетовтың қатысуымен «Бабалар ізімен, ағалар жолымен» атты кездесу өткізілді.



3-тоқсанда мектебімізде Италия университеттерінің, атап айтқанда Венеция университеті, Мессин университеті, Рим Университеті, Генуя университеті және Пиза университеті өкілдерімен кездесу өтті. Кездесу барысында студенттер Италияның жоғары оқу орындарына түсу шарттары және стипендия алу жолдары

туралы хабардар болды.

Оқушылар кері байланыста кездесу өте пайдалы және ақпараттық сипатта болғанын атап өткен. Бекетай Нұрдәулетті IT саласы қызықтырады және кездесуде ол Италияда ағылшын тілінде бағдарламалау саласында білім алуға болатынын білді. 11 сынып оқушысы Асқарбек Ерасыл жоғары медициналық білім алуды армандайды. Италияның жоғары оқу орындарында болашақ дәрігерлерді ағылшын тілінде оқыту кеңінен ұсынылатынын біле алды.



### Оқушылар ІО қызметкерлерімен кездесті

23 қаңтар күні мектеп оқушылары қалалық ювеналды полиция өкілдерімен кездесті. Іс-шараның мақсаты-жасөспірімдер мен жоғары сынып оқушыларының құқықтық сауаттылығын арттыру, оларды заңсыз іс-әрекет жасаудан қорғау, жастарға заңға бағынушылықты тәрбиелеу, салауатты өмір салтын насихаттау, жасөспірімдер арасында психобелсенді заттарды қолданудың алдын алу.



департаментінің аға аға  
Моисеенко жасөспірімдер  
заттарды пайдалану  
олардың балалар ағзасына  
статистиканы келтірді.  
мәселені талқылауға  
синтетикалық психотроптық  
олар неге ашық саудада  
тыйым салу үшін қандай  
туралы көптеген сұрақтар қойды. Инспектор балаларды әлеуметтік желілерде қарым-қатынас кезінде аса қырағы болуға, күдікті сайттарға кірмеуге шақырды. Кездесу өте пайдалы болды, оқушыларға заң сауаттылығын арттыру жөнінде ой салып, қажетті ақпарат берді. Ювеналды полиция өкілдері кездесуді ұйымдастырғаны үшін мектепке алғыстарын білдіріп, аудиторияның көтерілген проблемаларға белсенділігін атап өтті.



Алматы қалалық полиция инспекторы Валентина арасында психотроптық жағдайына толық тоқталып, зиянын түсіндіріп, Оқушылар осындай өткір белсенді қатысты, заттардың неге өндірілетіні, кездесетіні, ел аумағында шаралар қабылданатыны

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің заң факультетінің азаматтық құқық, азаматтық іс жүргізу және еңбек құқығы кафедрасының профессоры Атаханова Салтанат Карибаевнаның бастамасымен 2019 жылдың 13 ақпанында мектебіміздің 9-сынып оқушыларымен «Ақылды бейсенбі» жобасы аясында кездесу өткен болатын. Ақпараттық-интерактивті нысанда өткізілген бұл кездесу барысында «Бала құқықтары» туралы Конвенцияның, «Жалпыға бірдей адам құқығы» декларациясының, Бала құқықтарының декларациясының жалпы негіздері, ондағы көзделген баланың табиғи құқықтары және оны қамтамасыз етудегі мемлекетке жүктелген міндеттер, Қазақстан Республикасындағы адам мен баланың құқықтарын қорғау саласында қабылданған заңнамалық актілер тізілімі мен мазмұны, құқықтар бұзылған жағдайда мемлекетпен кепілдендірілген көрсетілетін көмек пен қолдау түрлері, құқыққа қол сұғушылық болған жағдайда ол үшін көзделетін заңи жауапкершілік, сондай-ақ балалар құқығын қорғау саласында Республикамызда қандай уәкілетті орган өз жұмысын атқарып жатқаны сөз болып, оқушыларға барынша түсіндірілді.





Елдің кемел келешегі қазіргі бала- ертенгі халықтың бетке ұстар азаматының құқықтарының қорғалуымен, қол сұғушылықтардан сақталуымен тікелей байланысты. Ендеше, бала құқығының қорғалуына әр азамат өз үлесін қосу мақсатында осы мәселе бойынша құқықтық білімді, жалпы алғанда құқықтық мәдениетті дамыту барынша дамытуы қажет деген пікірдеміз.

«Даналық бейсенбісі» жобасының мақсаты оқушылардың ғылымға, зерттеушілікке және жаңашылдыққа қызығушылықтарын арттыру. Ғылым, экономика және мәдениет спорт саласындағы өзекті мәселелер бойынша қоғамдық көзқарастағы көшбасшылармен кездесуді ұйымдастыру келесі оқу жылында да жалғасын табады.

«Рухани жаңғыру» аясында оқушылардың білімге құштарлығын арттыру мақсатында **“100 кітап” жобасы** бойынша түрлі іс-шаралар ұйымдастырылуда. Атқарылған іс-шаралар:

1. Биыл оқу жылының басында 100 кітап аясында химия-биология бағытындағы Назарбаев зияткерлік мектебінде «А.Р.М.А.Н» кітапқұмарлар үйірмесі өз жұмысын іске асыра бастады. Қыркүйек айынан бастап бір талай кездесулер мен жиналыстар өткізіліп, қатысушылардың көңілінен шықты. «А.Р.М.А.Н» клубы өз жұмысын атқарып, апта сайын оқушылардың кітапқа деген қызуғушылығын оятып жиналып тұрды. 05-25 қараша аралығында шығармашыл жастар үшін әңгімелер мен хикаялар конкурсы өтті.

2. Алматы қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде НЗМ тәжірибесін тарату мақсатында жалпы білім беретін мектептер үшін «Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру» бойынша педагог-ұйымдастырушы-кураторлар Қарасай ауданының мұғалімдері үшін «Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі оқу жылында қосымша білім беруде үйірме жұмыстарын ұйымдастырудың негізгі бағыттары және 100 кітап жобасы» тақырыбында семинар-тренинг өтті.

3. Жоба аясында зиялы қауым өкілдерімен кездесулер ұйымдастырылады. "Бейбітшілік әлемі" президенті, "Халықаралық Адам құқығын қорғау комитетінің" Қазақстан Республикасындағы өкілдігінің президенті, генерал-майор, Қазақстан және Еуразия Жазушылары Одақтарының мүшесі, ҚР Білім беру ісінің Құрметті қызметкері, э.ғ.д., профессор, академик Әбен Алдабергенұлы Нұрмановпен кездесу өткізілді.

4.



керемет тәрбиелік әдістерімен таныстырдық.

Біліктілікті арттыру курсы барысында алған тәжірибелерімізбен әріптестерімізбен бөлісу барсында Оңтүстік Корея мектептерінің

5. 2018 жылдың 2 қарашасында куратор Ж.Маркабаева, Н.Иманбекова, С.Сатаева мектеп кітапханасымен бірлесе отырып ұйымдастыруымен жас ақын Әлия Іңкәрбек пен композитор Әбілхаир Жексенмен «Сырласу әні» атты поэзия кеші өтті. Кештің мақсаты оқушыларды қазақ өлеңімен сусындату, жас ақынның шығармашылығын насихаттау болды. Әлия Іңкәрбек мектеп

XVII Халықаралық Шабыт фестивалінде «Әдебиет» аталымы бойынша Фариза Оңғарсынова атындағы арнайы жүлде иеленген. Бірнеше Республикалық ақындар мүшайрасының жүлдегері. Жас ақын өлеңдері «Алаштың жас тұлпары», «Жауқазын жылда гүлдейді» атты ұжымдық жинақтарға енген. Поэзия кешінде ақынның жастық жалынмен жазылған сыршыл, лирикалық өлеңдері оқылды. Жас композитор Әбілхаир Жексеннің ақынның сөзіне жазылған әндері шырқалды. Оқушылар Әлия Іңкәрбектің шығармашылығымен танысып, ақынның ізденісіне, өлеңдерінің көркемдік-поэтикалық күш-қуатына тәнті болды. «Тәңіртау», «Тасқын» атты жинақтарын мектеп кітапханасына сыйға тартып, зор құрметке ие болды. Жастарды қолдау мақсатында Назарбаев Зияткерлік мектебімізде жас ақындар өз мәнерімен өлең әлеміне қанат қағуда. Олардың әрқайсысы өздеріне тән қолтаңбасымен танылып, қалыптасып келеді. Солардың бірі – 11 сыныптың оқушысы Абдулла Айтұмардың «Өз тілінді құрметте» атты өлеңінің тұсауы кесілді.

6. 100 кітап аясында 8 А сынып оқушылармен «Құндылықтар бала көзімен» атты тақырыпта кураор сағаты өтті. Оқушылар өздеріне өмірлік құндылықтарды тандап алып, оған мағына «карточка» жасады. Яғни түсінік сөз беріп, құндылықты ашатын сурет салды. Өз ойларымен бөлісіп, талқылады. Оқыған кітаптарын мысалға келтіріп айта алды. Куратор сағатының мақсаты оқушыларға құндылықтар туралы айту, түсіндірме жұмыстарын жүргізу және кітапқа деген қызығушылықтарын арттыру.

7. 22.01.2018 ж. 10 сынып оқушыларымен бірге **Poems from book spines** іс-шарасы кітапханада өтті. "АРМАН" кітап клубы кітапханашылармен бірігіп рифма мен өлеңге жақын қаламгерлер үшін қызықты активити ұйымдастырды. Оқушылар жұп-жұпқа бөлініп, өлең жазу үшін қолайлы кітап атауларын іздестіріп кітапхананы аралап кетті. Қатысушылардың ізденістері жарты сағаттан астам уақытқа созылды. Нәтижесінде аса креативті туындылар қабылданып, оқылды. Тыңдармандар әр өлеңді ыстық ықыласпен қабылдады. Жас әдебиетшілер "OYLA" ғылыми-публицистикалық журналының соңғы санымен марапатталды.



8. 11 сынып оқушылары Бауыржан Момышұлы атындағы «Жас ұлан» республикалық мектебіне 100 кітап аясында әр түрлі активитилер өткізіп, мектеппен танысып қайтты.



9. Кәсіби қауымдастықтағы әріптестермен сындарлы қарым – қатынас «100 кітап» жобасы аясында онлайн – скайп конференциясы өткізілді.

Кезінде «Шуақты күндерімен» оқырман жүрегіне жол тапқан Зейнеп Ахметованың «Бабалар аманаты» атты жаңа кітабы жарық көрді. Халқымыздың қаһарман ұлы Бауыржан Момышұлының келіні, батыр атамыздай тектінің тұяғы, асылдың сынығы - жазушы Бақытжан Момышұлының жан жары Зейнеп апа бұл кітапты ұзақ жылдар жүргізген күнделігінің негізінде жазған. «Бабалар аманаты» кітабын Алматы қаласы ХББ НЗМ 8 «А» сынып оқушылары мен Атырау қаласы ХББ НЗМ оқушылары талқыланды. Сал – дәстүрлерді еске түсіріп, тәрбиедегі маңызды әдет – ғұрыптарды талқылап өтті. Оқушылар сәлемдесудің түрлерін, Наурыз мейрамының ерекше тойлануының себептерін айтып өтті.

10.



2019 жылдың 7-ші ақпанында 8 А сыныбымен А.Е. Жумалиева «Кітап және құндылықтар» атты ашық кураторлық сабағын өткізді.

11. 25.04.2019 ж. Алматы қ. ХББ НЗМ оқушыларының арасында «Кітап сыйлайық» акциясы өтті. Мұғалімдер, оқушылар және ата-аналар акцияға белсенді қатысты. Бір күнде екі жүзге жуық кітап зияткерлер қолынан өтті. Мектептің 137 оқушысы бір-біріне қазақ және әлем әдебиетінің үздік шығармаларын естелік сыйлық ретінде тарту етті.

Кітап сыйлау акциясы қатысушыларға жеке кітапхана қорларын толықтырып қана қоймай, жаңа жанрларды, қазіргі заманның жаңа жазушыларын ашуға мүмкіндік береді. Бүгін оқушылар сыйлаған кітаптар арасында танымдық, өмірбаяндық, ғылыми фантастика кітаптары ең көп пайызды иеленді.



12. 2019 жылдың 9 сәуір күні Алматы қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде НЗМ тәжірибесін тарату мақсатында жалпы білім беретін мектептер үшін «Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру» бойынша педагог-ұйымдастырушы-кураторлар семинар-тренинг өтті. С.Сатаева мен Б.

Шайменов «Зияткерлік мектеп оқушысына оқуға ұсынылатын 100 кітап» жобасы» атты тақырыпта семинар тренинг жүргізді. Семинарға Еңбекшіқазақ, Талғар, Іле, Кеген, Райымбек, аудандарының, Қапшағай қаласы, №175, №5 гимназия мұғалімдері қатысып, тәжірибе алмасты.



ХББ НЗМ жобаларымен таныстырып, «100 кітап» жобасына тоқталып, осы жоба бойынша қолданып жүрген әдіс-тәсілдермен бөлістік. Атап айтсақ, Бинго, Write around, құндылықтар кітапшасы т.б.

НЗМ оқушылары ұсынылатын «100 кітап» жобасы осы оқу жылында өнімді жүзеге асырылды, алдағы мақсат оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру және әдеби шараларды жоспар бойынша өткізу.

Ұлттық құндылықтарды дарыту мен халқымыздың мәдениетін танытуда «**100 ән**» және «**100 күй**» жобаларының маңызы зор. Бұл ретте мектебіміздің домбыра үйірмесі аясында «Нұр сазы» ансамблінің жұмыс істеп тұр. 7 сынып оқушылары домбыра үйірмесіне белсене қатысады. Сынып сағаттарында оқушылар күй мен ел тарихын байланыстыра танысады. Аптасына 2 рет мектеп фойесінде домбырашылар оркестрі күй шертеді. 12-17 қараша аралығында "Domyuga Time" Рухани жаңғыру аясында оқушылар арасында өткізілетін мектепішілік Домбыра сайысы, оқушылар (жеке-жеке немесе топпен отырып домбыра күй тарту арқылы) салт-дәстүрді дәріптейді. 30 қараша күні ұлттық музыканы насихаттау мақсатында 1-желтоқсан Тұңғыш Президент күніне орай қаламыздың сауда орталығында «Ұлы дала мұрагерлері» атты домбырашылар флешмобы ұйымдастыралады. Тәуелсіздік күніне арналған мерекелік концерт және желілік ғылыми жобалар сайысында, желілік олимпиаданың ашылу және жабылу салтанатында «Нұр-сазы» ансамблі өнер көрсетті.

«Қазақтың 100 әні» жобасы оқушылардың белсенді қатысатын жобалардың бірі. Күнделікті мектеп фойесінде бір шаңырақ жоспарлы түрде бір ән шырқайды, тарихын әңгімелейді. Ал тәуелсіздік қарсаңында патриоттық әндер апталығы өтіп, оқушылар белсенді қатысты. Елімізде кеңінен танымал «Атамекен», «Өз елім», «Жаса, Қазақстан», «Мен-қазақпын» әндері шырқалды. Әр әннің тарихында мән бар екенін ескерсек, бұл жобаның қазақ мәдениеті мен рухани байлығына бойлауға мүмкіндік беретін жоба әлі же жалғасын табады. **Рухани жаңғырудың бір бағыты** мектебіміздегі «НЗМ оқушыларына оқуға ұсынылатын 100 кітап» жобасының жетекшілері оқушыларды кітап оқуға баулу үшін бірқатар іс-шаралар өткізді:

«Қазақтың 100 әні» және «100 күй» жобалары халық даналығын жеткізуші, ұлттық құндылықтарды, ұлттық мәдениетті оқушылардың бойына таратудағы негізгі жобалар. Бұл жобаларды кураторлар өз сыныптарымен жүйелі түрде өтікізіп келеді. Мектепте домбыра үйірмесі және домбыра ансамблі жұмыс істейді. Сыныптар кестеге сәйкес мектеп фойесінде ән айтып, әннің шығу тарихын таразылайды. Мектеп фойесінде өткізілетін домбыра-тайм үлкен қолдауға ие, қызметкерлер мен оқушылар кезектесіп күй шертіп, өз өнерлерімен бөліседі.

**«100 күй» жобасы**

<i>Мықты тұстары</i>	<i>Әлсіз тұстары</i>	<i>Мүмкіндіктері</i>	<i>Қауіп</i>
<b>2018-2019 жыл</b> - Нұр-сазы ансамблінің мүшелері түрлі іс-шараларға қатысу арқылы басқа оқушылардың бойында рухани құндылықтарды дамыту және қызығушылықтарын ояту; - Домбыра тайм жобасы	- домбыра үйірмесінде кейбір оқушылардың қызығушылығының аздығы	-Үйірме арқылы оқушыларды жан-жақтылыққа үйрету; - түрлі іс-шараларға қатысу - конкурстарға қатыса алу	- домбыра саны аз болу себебінен оқушылардың уақтылы үйірмеде отырмауы -Оқушылардың физиологиялық тұрғыдан шаршауы қосымша білім беру жұмыстарына кері әсерін тигізеді - қосымша сабақтардың дәл сол уақытта болуы

**TEDx жобасының** мақсаты – TED-тің «Таратуға тұрарлық идеялар» концепциясын басшылыққа алып, өз ойын еркін білдіру арқылы этикалық, танымдық, әлеуметтік, психологиялық мәселелерді талқылап құндылықтар мен мақсаттарды қалыптастыру, оқушының бойында тыңдай білу, түсіну, ақпаратты сараптау, қорытынды жасау, өзінің мүмкіншіліктерін шынайы бағалау, танымын арттыру арқылы жан-жақты дамыған тұлға қалыптастыру.

«TEDx NIS» клубы арқылы оқушының бойында топ алдында өз ойын анық әрі еркін жеткізу, әр түрлі қоғамдық, әлеуметтік тенденцияларға орнықты көзқарас қалыптастыру, пікір алмасу ережелерін меңгеруге баулу, мүмкіндік жасау, сыни ойлау, креативті шешімдер іздеу дағдыларын қалыптастыруға болады.

Мектебіміздің оқушылары 2018-2019 I тоқсанда «TEDx NIS» клубында жүргізілген теориялық тұрғыдан дайындық білім негізінде «TEDx NIS» клубының ұйымдастырумен «TEDx BATTLE» жобасына қатысып өз білімдерін тәжірибе жүзінде қолдана алатын қабілеттерін толыққанды көрсетті. «TEDx NIS» клубының «TEDx BATTLE» жобасына бірінші тоқсанда 7-11 сынып оқушалары арасынан он алты жұп, яғни 32 оқушы қатысты.

28 қараша күні Алматы қаласы, химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде білім саласына жаңадан кіріктірілген мазмұн бойынша Алматы облысындағы жалпы білім беретін орта мектептеріне тәжірибе тарату семинар, шебер сағаттары өтілді. Осы аталған семинарға 160 ға жуық мұғалімдер қатысты. Семинарға тәрбие жұмысы жөнінде тәжірибе тарату мақсатында мектебіміздің педагог-ұйымдастырушы-кураторлар әр берілген тақырып бойынша семинар өткізді. Қаипқали Медет Ұзақбайұлы келген мұғалімдерге мектебімізде соңғы жылдары қарқынды түрде дамып келе жатқан жобалардың бірі «TEDx» жайында мастер класс көрсетті. «TEDx» мақсаты: оқушылар өздері ортаға ашық сөйлеп шешендік қабелеттерін жоғарлап қана қоймай, өзіндік идеямен бөлесе алатын бірден бір мүмкіндік. Осы аталған

семинарда жобаны таныстырып қана қоймай, мектебіміздің ең үздік спикерлері ортаға шығып, мұғалімдерге өздерінің ойларымен бөлісті.



24 қараша күні тәжірибе тарату аясында жалпы білім беретін мектептерге арналған семинар өтті. Сол семинарда Tedx жобасы таныстырылып, 11 сынып оқушылары-спикерлер- Асан Сымбат, Нуртаева Айым, Қалымбетова Аружан өздері дайындап келген тақырыптарын қорғап, жобаның барысын көрсетті.



Мектебімізде әр аптаның сейсенбі күні акт залда мектепшілік Tedx жобасы жүргізіледі. Мектепшілік Tedx жобасына өз идеясын таныстыру үшін шаңырақ ішінде сараланып, мықты спикер атану маңызды. III тоқсанда оқушылар арасында Tedx жобасына қатысушы спикерлердің саны арта түсті. Мектебімізге осы жылы түскен 7 сыныптың жас бүлдіршіндері өз идеяларын ортаға салды.

**8 қаңтар 2019 ж.** мектебімізде мектепшілік Tedx жобасы өтті. Тақырыбы: «Мотивацияны қайдан алуға болады?», «Ата-ана мен балалардың арақатынасы», «сүтегін қолдану». Спикерлер: Асан Сымбат 11F, Қалымбетова Аружан 11F, Нұртаева Айым 11D сынып оқушылары.

**15 қаңтар 2019 ж.** мектебіміздің акт залында мектепшілік Tedx жобасы өтілді. Тақырыбы: «Энегррия көздері», «Мүгедек адамдардың өмірге деген оптимистік көзқарастары», «Жақсылық пен жамандық». Спикерлер: Машжанова Аружан 11E, Бокенбай Дамира 11A, Амангелді Жансая 8B сынып оқушылары.

**22 қаңтар 2019 ж.** мектебімізде мектепшілік Tedx жобасы өтті. Тақырыбы: «Дұрыс тамақтану», «Ана тілі –ең жақын тіл», «Интернеттің пайдасы мен зияны». Спикерлер: Аршабекова Жанэль 11J, Абдиева Амина 8B, Асан Сымбат 11F.

**5 ақпан 2019 ж.** мектебіміздің акт залында мектепшілік Tedx жобасы өтілді. Тақырыбы: «Таза қала мені толғандырады», «Салауатты өмір салты».



Спикерлер: Абутаха Ая 11Н, Сатвалды Айкен 11D

**19 ақпан 2019 ж.** мектебіміздің акт залында мұғалімдер арасында мектепшілік Tedx жобасы өтілді. Мектебіміздің тарих пәнінің мұғалімі Есельбаев Рауан «Әлемдік азамат» тақырыбында 10-12 сыныптарға Ted talks жүргізді.

**5 наурыз 2019 ж.** мектебіміздің акт залында оқушылар арасында мектепшілік Tedx жобасы өтті. Тақырыбы: «Ежелгі Египет», «Музыка туралы». Спикерлер: Амангелді Жансая, Нұрходжақызы Нұрай 8В сынып оқушылары.

ReadX жобасы: Жоба оқушыларды кітап оқуға баулу мақсатында апта сайын өткізілді. 18 қаңтарда Ахмет Байтұрсыновтың туғанына 145 жыл толуына байланысты ақынның өмірі туралы бейнематериал көрсетіліп, өлеңдері оқылды.



*Қожантай Ильяс 9 «А»*

*Жатқанбаев Ерасыл 11 «G»*

*Мейрханов Димаш 11 «G»*

Әр апта оқушылар өзара талқыға қызықты кітаптарды ортаға салып, қолдауға ие болды. Мысалы: Қожантай Ильяс И.Есенберлиннің «Қаһар», Төлеген Аружан Владимир Зисманның «Путеводитель по оркестру и его зядоркам», Сабыр Іңкәр Эрих Мария Ремарктың «На западном фронте без перемен», Елеусизова Дина 9 «К» Секреты ораторского мастерства, Әділқызы Алуа 7 «А» Тысяча сияющих солнц»



Жобаның 2018-2019 оқу жылына жасап отырған жоспары мектептегі «100 кітап» жобасы бойынша, сол кітаптарды оқушылардың оқуы. Сонымен қоса, ол кітаптарды тек оқып қана қоймай, ReadX жобасы арқылы қалың жұртшылыққа кітаптардың қысқа мазмұнын паш ету.

Соңында, бұл тоқсанда «ReadX» жобасына оқушылар өте белсенді қатысты. Бұл белсенділік өз кезегінде балалардың шет ел және отандық әдебиетіне деген танымдық қызығушылықтарын арттырды.

Мектебімізде Ішкі тәртіп ережелерінің алдын алу үшін Тәртіптік Кеңес жұмыс істейді. Оқушылардың ішкі тәртіп ережелерін сақтауы өте маңызды. Кураторлық қызмет оқу жылының басында әр сыныппен ІТЕ мен академиялық шындыққа арналған кураторлық сағаттарын өткізді.



Осыған қарамастан 1-тоқсанда ІТЕ бұзған оқушыларға байланысты екі рет Тәртіптік кеңестің отырысы өткізілді, жатақханадағы оқушылардың электронды сигарет тартуы-3, жатақханадан 4 оқушының рұқсатсыз шығуы. Оқушыларға қатысты қолданылған шаралар туралы мектептің таңғы жиынында барлық оқушылар хабардар болды. 6 қарашада этика талаптарын бұзған 12 В сынып оқушысы Жұман Даниярдың тәртібі талқыланып, тәртіптік шара ретінде қоғамдық жұмыс беріліп, сөгіс жарияланды. **26 қарашада 11 сынып оқушылары** Мадениетулы Аспан, Аскарбек Ерасыл, Аканов Мустахим спирттік ішімдіктер ішкені үшін тәртіптері қаралды. Оқушыларға тәрбиелік жұмыстар жүргізілу тапсырылып, сөгіс жарияланды, қоғамдық жұмыстар тапсырылды.

3 тоқсанда тәртіп бұзушылық бойынша тәртіптік кеңестің 2 рет отырысы болды. 5 ақпанда электронды темекі қолданған 9К сынып оқушысы Яфарова Анельдің тәртібі қаралып, кеңес шешімімен қатаң сөгіс берілді. Оқушылардың арасында салауатты өмір салтын насихаттауға байланысты тапсырмалар берілді.

19 ақпанда мектеп аумағынан рұқсатсыз шыққан 12 сыныптың оқушылары Ермаханова Салтанат пен Саттар Жанельдің тәртібі қаралып, биыл бітіруші оқушылар болғандықтан ескерту берілді.

Мектеп оқушыларына Ішкі тәртіп ережесі туралы үнемі айтылып, сақталуын қатаң қадағалауды Тәртіптік кеңес белсенділері мен кураторлар жүргізеді.

Жыл бойы оқушылармен ІТЕ сатауға байланысты жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде, 1-тоқсанның алғашқы апталарында түсіндірме жұмыстары мектебіміздің барлық оқушыларын қамтыды. Күнделікті сағ.07.30 бастап

екі куратор және Тәртіптік Кеңестің құрамындағы 10 оқушы кезекшілікте тұрады.

#### **ІТЕ бұзу фактілері:**

1. 196 сабаққа кешігу;
2. 9 Тәртіптік Кеңестің отырысы;
3. 272 оқушы ауызша ескертулер алды (сабаққа кешігу, қымбат бағалы заттарды мектепке әкелу, флешмобқа қатыспау және т.б.)

09 сәуірде Әбілда Әміршайыр мен Омарғазы Ерсұлтаннның Бөкен Алиханға физикалық күш көрсету фактісі қаралды. 03 маусым күні 11 сынып оқушыларының Академиялық шынайылық ережелерін бұзу бойынша мәселесі қаралды.

ІТЕ бұзылуының негізгі себептері: отбасылық тәрбие, ата-ана тарапынан қадағалаудың аздығы, өзіне назар аударту, төмен үлгерімі, әлеуметтік желі, компьютерлік ойындар.

Ұсыныстар: түсіндірме жұмыстарын жүйелі жүргізуді жалғастыру, ҚҚО өкілдерімен айына 1 рет кездесу өткізу, оқушының даму траекториясын жетілдіру, таймменеджмент негіздері бойынша семинарлар өткізу.

Бүгінгі таңда Алматы қаласы химия – биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебімізде оқушылардың қосымша білім алуы үшін 42 пәндік және спорттық, өнер салалары бойынша **үйірмелер** жұмыс істейді.

Үйірме жұмыстарының мақсаты: Оқушылардың сыныптан тыс уақыттарын тиімді пайдалануға, балалар мен жасөспірімдерді шығармашылық белсенділікке, өз бетінше білімін жетілдіруге ынталандыру.

Мектебімізде үйірмелердің мынадай түрлері жұмыс жасайды:

1. Пәндік – интеллектуалды үйірмелер: 16
2. Көркем өнер үйірмелер: 7
3. Техникалық өнер үйірмелер: 7
4. Спорт үйірмелері: 11

## 5. Әскери үйірмелер: 1

Үйірме жұмыстары:

1. Құралдармен жұмыс дағдысын арттыру;
2. Жанашыл тұлға ретінде қалыптастыру;
3. Өз ісіне мұқият болуға тәрбиелеу;
4. Шығармашылыққа баулу;
5. Бағыт беруші болып табылады.

Үйірме жұмыстарының нәтижелері:

- Өз бетінше білімін жетілдіруге ынталанады;
- Дағдысы мен біліктілігі артады;
- Жұмыс нәтижесіне қорытынды жасай алады;
- Тіл байлығы мен ойлау қабілеті дамиды;
- Танымдық іс-әрекеті артады;
- Өз ісіне баға беруге, өз мінез-құлқын өзгерте алады;
- Құралдармен жұмыс жасауға дағдыланады.

Пәндік-интеллектуалды үйірмелерге: зияткер клубы орыс және қазақ тілінде, дипломат, табиғи полимерлердің өнерде қолданылуы, бабалар тарихы – асылар қазына, english speaking club: traditions and innovations of modern language, жас математик, Art – Anatomy, сыр сандық мәнерлеп оқу үйірмесі, стандартты емес есептерді шығару, «Арман» кітаптар клубы, мәңгілік ел - болашағымыздың кепілі, веб-программирования, қызықты математика, fascinating chemistry calculation математика пәнінен олимпиадаға дайындық үйірмелері жатады.

Көркем-өнер үйірмелеріне: хор, ВИА, «Нұр сазы» оркестрі, хореография, «Дарын» би тобы, «Мұрагер» театры, живопись и графика үйірмелері жатады.

Техникалық өнерге робототехника, кино и тв, шебердің қолы алтын, глининая сказка, прикоснись к наследию, "суреттер сөйлейді", гобелен және жүннен жасалған бұйымдар үйірмелерін жатқызуға болады.

Оқушылардың басым бөлігі қатысатын спорт үйірмелеріне: футбол (қыздар ,ұлдар), баскетбол (қыздар, ұлдар) үлкен теннис, үстел теннисі, волейбол (қыздар, ұлдар), тоғызқұмалақ, шахмат, жастастарға өрмелеу, каратэ сияқты үйірмелер жұмыс жасайды. Сонымен қатар үлкен сыныптарға арналған әскери «Айбын» үйірмесі жұмыс жасайды.

Мектебіміздің шарты бойынша жаңадан келген 7 сыныптарға хор және домбыра үйірмесіне 100 % қатысу міндетті болып табылады.

Көркем-үйірмелері мектебіміздің барлық іс-шараларына белсенді қатысады. Мысалы, 1 желтоқсан «Тұңғыш Президент» күніне арналған домбырашылар флешмобына домбыра, ВИА, хореография, «Дарын» би тобы оқушылары ат салысты. Сонымен қатар, пән апталықтарының ашылуында, 16 желтоқсан тәуелсіздік күніне арналған мерекелік концертте, желілік олимпиаданың ашылуы мен жабылуында өз өнерлерін көрсетті.

Спорт үйірмелері бойынша 2 тоқсан барысында жетекшілер әр сыныптар аралығында сан түрлі жарыстар өткізіп тұрды. Мысалы, 7-9 сыныптар ұлдар, қыздар арасында футболдан, волейболдан жарыстар өткізілді. 11-12 сыныптар арасындар волейбол және баскетболдан жарыстар ұйымдастырылды. Сонымен қатар мектеп қызметкерлері арасында биатлон, футбол және волейболдан жарыстар өтті.

Робототехника үйірмесі жоғары сұрасықа ие, нәтиже мен жетістік орасан зор. Робототехника бойынша 9-11 сыныптар оқушылар халықаралық WRO-2018 жарысына Тайланд еліне, Санкт – Петербург қаласына және Алматы қаласындағы NGS мектебінде өз бақтарын сынады.

3 тоқсан оқу барысында дене шынықтыру бірлестігі жоспарлы түрде спорттық іс-шаралар жүргізді.

15-23 ақпан аралығында «COASH» халықаралық мектептер арасында баскетболдан жарыс. Қатысушылар саны -35.



19 қаңтарда шахматтан турнир өтті. «COASH» халықаралық мектептер арасында 150 қатысушы халықаралық мектептерден.



11-25 ақпан 7-9 сыныптар арасында футболдан турнир. Қатысушылар саны – 62 (ұлдар).



8 ақпаннан бастап 11-12 сыныптар арасында волейболдан жарыс. Қатысушылар саны – 40 (қыздар).



25-26 ақпан аралығында Алматы қаласы ФМБ НЗМ 5 жылдығына арналған шахматтан қалалық турнир.

24 ақпан ата-аналар арасында волейболдан I спартакиада өтті. Команда құрамы - (4+2), үстел теннисі, шахмат. 15 ата-ана.

25 ақпан «А ну-ка парни!» 11 сынып ұлдарының арасында спорттық іс-шара. Барлығы 25 қатысушы.



26 ақпанда 8 сыныптар арасында «Сымбат» спорттық іс-шара. Қатысушы саны-40.

27 ақпанда отбасылық конкурс «Папа, мама и Я» спортивная семья. 8 отбасы Ауғаныстаннан әскерді шығарудың 30 жылдығына арналған жоғары сынып оқушыларымен ауған соғысының ардагерлерімен кездесу. (2019 ж. 20 ақпан) барлық тілек



білдірушілер.

1 наурыз күні 7-11 сынып оқушылары арасында үстел теннисі. Барлығы 25 оқушы.



Сонымен қатар қосымша білім беру ұйымының мұғалімдері өз жұмыстарын көрсете білді. Алматы қаласындағы химия-биологиялық бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде өткен жалпы білім беретін пәндер бойынша Желілік Олимпиядасының салтанатты ашылуы мен жабылуында билер қойылды.

«Көшбасшының формуласы – рухани интеллектті байыту» форумы Алматы қаласындағы физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінде өтті. Салтанатты ашылуында жиналған көрермендердің алдында өнерлерін көрсетті.

Химия-биологиялық бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің түлектермен кездесу өтті. Кездесу сәтінде түлектермен бірге оқушылар флешмоб билеп өз өнерлерін көрсетті.



Тақырыпқа сай «Пішіннен тұратын өмір» атты математика апталығының ашылуында, таңғы жиында би орындалды. Мектеп оқушылары Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу барысында өздерінің өнерлі қырларын көрсете білді.

Флешмоб-батл шанырақтар арасындағы би сайысына оқушылар қазіргі заманға сай би стильдерін шанырақ қауымдастығымен ізденістіріп, үйреніп бір бірімен өз пікірлерімен көзқарастарымен бөлісе отыра сайысқа түсті. Сайыстың мақсаты заманауи тұлғаның қалыптасуына үлкен ықпал ету. Топпен жұмыс жасап, қоршаған ортада өзін еркін ұстай білу, көздеген максаттарға жетуіне ықпал етті.

«Халықтық билер» фестиваль-сайысы мектебіміздің барлық оқушылары Қазақстан Республикасының басқа ұлт өкілдерінің салт-дәстүрлерімен танысып және негізгі би түрлерін бойына сіндірді. Халықтық би оқушылардың жан-жақты дамуы мен жаһандық азамат қалыптасуына септігін тигізді. Билерді үйрену процесінде оқушылар өздерінің буын аппараттарын, бұлшық еттерінің күшін, қимылдың нәзіктілігі мен координациясын дамытып,

кез-келген бидің суреттемесін еркін қабылдауды үйренді. Оқушылардың бойындағы еңбекқорлық, мақсаттылық қасиеттерін дамытып, шығармашылық тәртіпке, ұжымдылыққа, шанырақпен бірге жұмыс жасауға әсерін берді.



Цыған биі – Жалын шаңырағы

Өзбек биі – Болашақ шаңырағы



Қазақ биі – Тұлпар шаңырағы



Үнді биі – Жас қазақ шаңырағы

Халықаралық әйелдер күніне арналған мерекелік концерт:

1. Көленке театры
2. Қазақ биі
3. Гетсби стиліндегі би
4. Цыған биі

Халықаралық әйелдер күніне орай мектебімізде ерлер қауымы дәлізде аруларды салтанатты түрде қарсы алу рәсімін жасады. Ермекбай Мерей мен Қайпқали Медет және де 8L,11G сыныбының ұлдары «16 қыз» және «Арайлым» әндерін шырқады.



Мектебіміздің акт залында «Ана-өмір шуағы» атты мерекелік концерт қойылды. Концертте ВИА Dream team «Ана туралы жыр», 7А сынып оқушыларынан құралған трио «Періштем», Бакизова Жания мен Дайрова Дана «Джулия» әндерін орындады.



4 тоқсан оқу барысында қосымша білім беру ұйымы өз жұмыстарын жалғастырды. Пәндік «ART ANATOMY» үйірмесі өз бағдарламасымен оқушыларды қызықтыра білді. Үйірменің мақсаты: анатомиялық құрылымды, физиологиялық функциялар мен заңдарды, гигиена ережелерін зерттеу, сондай-ақ өз денсаулығына, қоршаған ортаға және оның компоненттеріне экологиялық сауатты қарым-қатынасты тәрбиелеу болып табылады. Үйірме барысында оқушылар органдар мен жүйелердің сапалы үлгілерін жасады. Осындай модельдерді биология сабақтарында басқа оқушылардың сәйкес тақырыпты оқу кезінде сәтті пайдаланды.



Сондай-ақ «табиғи полимерлердің өнерде қолданылуы» үйірмесінде оқушылар химиялық материалдарды пайдалана отырып, декор және ландшафтық дизайн элементтер жасап шықты. Гипс, крахмал, целлюлоза, пенопласт сияқты материалдардың формуласымен танысты, құрылымы мен құрамымен таныса отырып, физикалық және химиялық қасиеттерін зерттеді.

7 сыныптар оқушыларына міндеттелген хор үйірме әр мерекелік іс-шарада белсенді өнерлерін көрсетті. Әр сынып оқушылары кесе бойынша аптасына 2 рет хор үйірмесіне баруға дағдыланған. Мерекелік іс-шараларда тақырыпқа сай әндер шырқалады.

Техникалық үйірмелер қатарына жататын робототехника, «Clay tale», «культурное наследие», кино и тв, «суреттер сөйлейді» және «живопись и графика» өз жұмыстарында көрсете білді. Робототехника үйірмесі қалалық, респуликалық және халықаралық сайыстарда жүлделі орын иеленді. «Clay tale», «культурное наследие», «суреттер сөйлейді» және «живопись и графика» үйірмелерінде жасалған бұйымдардан көрмелер жасалды.



Белсенділігі жоғары үйірмелердің бірі – спорттық. Оқушылардың басым бөлігі спорт үйірмелері ұйымдастырған жарыстарға белсенді қатысады. Әр апта сайын әр түрлі спорт үйірмелерінен ұйымдастырылатын жарыстарға, спартакиадаларға оқушылардың қызығушылығы өте жоғары. Футбол, волейбол, баскетбол, үстел теннисі, жартастарға өрмелеу сұранысқа ие үйірмелер қатарында. Аталған үйірмелерден қалалық жарыстардан жеткен жетістіктер де аз емес.



2019 жылдың 30 сәуірінде Ұлы Отан соғысы жеңісінің 74 жылдығына және Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің 27 жылдығына арналған әскер жасына дейінгі жастар арасында «Айбын» клубының жетекшісі Қ.Б.Батыршаев және кураторлық қызметтің ұйымдастыруымен әскери-қолданбалы спорт түрлерінен мектепшілік «Айбын» турнирі өтті.






Үйірме жұмысы белсенді жүргізілуде. Үйірме жетекшілері өз жұмыстарында әріптестермен талданатын параллель бойынша мектепшілік жарыстар жүзеге асырылады, қозғалыс және техникалық, тактикалық дағдыларды арттыруға бағытталған ұсыныстар әзірленеді. Үйірмелерде оқушылар, педагогикалық ұжым, ата-аналар арасында сыныптан тыс іс-шаралар жүйелі түрде өткізіледі.

Сондай ақ оқу жылының соңында оқушылар арасында қосымша білім беру ұйымының жұмысына қатысты сауалнама жүргізілген болатын. Оқушылардың 61,8% үйірмелердің жан-жақты дамуына ықпал ететіндігін, 40% үйірме жұмыстарына көңілдері толатындығын, 63% үйірмелердің өту дәрежесі жоғары екендігін көруге болады.

Үйірме сабақтары сіздің қандай шығармашылық қабілеттеріңіздің артуына ықпал етеді? / Как кружковая работа способствует повышению ваших творческих способностей?


424 ответа



● Жан-жақты дамуына ықпал етеді / Способствует разностороннему развитию  
● Мүлдем шығармашылық қабілетімді дамытпайды / Не развивает творческих способностей  
● Білмеймін/Незнаю

Мектепте жүргізілетін үйірме сабақтарына көңіліңіз толады ма? / Довольны ли Вы работой кружковых занятий?


424 ответа



● Иә/Да  
● Жоқ/Нет  
● Білмеймін/Незнаю

Қандай бағыттағы үйірмелерге барғанды қалайсыз? / В каких направлениях Вы хотели бы посещать кружки?


424 ответа



● Интеллектуалды /  
Интеллектуальный  
● Шығармашыл/Творческий  
● Спортты/Спортивный  
● Пәндік/Предметный

Сіздің мектебіңізде үйірменің өту дәрежесі қандай? /Укажите уровень проведения кружков в вашей школе?

424 ответа



● Жоғары / Высокий  
● Орташа / Средний  
● Төмен / Низкий

Қосымша білім беруді тиімді ұйымдастыру оқушылардың жан-жақты дамуының бір кепілі.



Бірақ оқушыларды көп бөлігі үйірмелерге қатыса алмайды. Оның бірнеше факторлары бар: түстен кейін белсенділіктің төмендеуі, академиялық үлгермеушілік, үй тапсырмасының көптігі, оқушылардың өз уақытын тиімді пайдалануды білмеуі. Осыған байланысты оқушылармен тайм-менеджментке қатысты жұмыстарды көбірек жүргізу керек, оқушының жеке даму траекториясын жасауда ескеру керек.

**Ата-анамен жұмыс:** Мектебіміздегі тәрбие жұмысы ата-аналар қауымдастығының белсенді қатысуымен жүріп жатыр. Оқу жылының басында әр сынып бойынша ата-аналар комитеті анықталып, алдағы жұмыс жоспары жасалды. Ата-ана-оқушы-мектеп үштігі бірлескен жерде тәрбие жұмысы жанадана түспек. Ата-аналар қауымдастығының өкілдері мектепте кездесу өткізіп, түрлі іс-шараларға қатысуда.



Отбасы құндылықтарын насихаттау мақсатында «Мерейлі отбасы» атты іс-шара 7 сыныптардың арасында ұйымдастырылды. Байқауға қызығушылық танытып, белсенділік көрсеткен ата-аналардан 7 топ шықты. Төрт кезең-"Таныстыру", "Білгенге маржан", "Ананың аялы алақаны", "Өнерлі өрге жүзер" тұрған бұл сайыста 1-орынды 7"А" сыныбының "Бірлік", құрамы Қабыл Темерланның әжесі Дарменкулова Күләш Ақанқызы мен әкесі Дарменқұлов Ерлан Қыбылұлы таныстыру кезеңінен бастап, өздерінің жақсы дайындалып келгенін көрсете білді, 2-ші орында 7 L сыныбының "Патриот" командасы /Әділжан Гаухар ,Қалықов Аймұрат/ және 7 К сыныбының "Алатау " тобы / Дүйсенбаев Мейрамбек, Айташева Назгүл, Құрақбай Елмұрат/,ал 3-орынды - "Қыран" тобы /Асанбай Алма, Асанбай Іңкәр/ иеленді. Сонымен қатар, арнайы "Өнегелі отбасы" номинациясын 8"А" сыныбының Болашақ" тобы жеңіп алса, "Өнерлі отбасы" номинациясы бойынша 7 В -ның "Тұлпар" тобы жеңімпаз атанды. Мектеп директоры Мүнкеева Гүлмира Бақытбекқызы өз сөзінде шараның басты мақсаты - мектеппен ата-аналардың арасындағы ынтымақтықты нығайту және ата-аналар мектеп өмірімен жақын танысуы екенін айтып өтті. Бұл сайысқа 85 жастағы әженің қатыып, жас өркендердің алдында ән шырқауы бәрімізді тәнті етті.

21.02.2019 жылы Салауатты өмір- салтын қалыптастыру бағдарламасы аясында «Тұлпар» шаңырағының 9 «Д» сынып оқушыларына куратор Утепова М.О, диетсестра Нұрланбекова Ұ.К, аспазшы Шуенбаева К «Дұрыс тамақтану» шеберлік сағатын өткізді. Шеберлік сағатқа 9 Д

сыныбының ата-аналарыда белсене қатысты. Тәтті тоқаш пісіру технологиясымен оқушыларды аспазшы Шуенбаева К таныстарып, балаларға жасауды үйретті. Өз қолдарымен дайындаған тоқаштары піскенше, ата-аналарымен бірігіп көктемдік салаттар дайындады. Соңында дайындаған тағамдарын ортаға алып шай ішіп мәре-сәре болып тарқасты. Бұл іс-шараны қорытындылай келе, оқушылар сыраптыққа жол бермеуді үйреніп, аспазшылардың жұмысын құрметтеуді үйренді.

Алматы қаласы химия-биология бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің ата-аналар қауымдастығы ФМН мектебінің бес жылдығына орай ұйымдастырылған Спартакиадаға белсене қатысты. Спартакиада үстел теннисі, волейбол, шахматтан өтті. Мектебіміздің ата-аналар қауымдастығының өкілдері дене шынықтыру пәні мұғалімі Қалқабаев Б.А. басшылығымен командалар құрып, жарысқа қатысты.



«Тәрбие-тал бесіктен басталады» деп халқымыздың ежелгі салты мен тамаша дәстүрі заманымыздың заңғар жазушысы М.О.Әуезовтің «Ел болам десең, бесігіңді түзе» деген қанатты қағидасында да үйлесім табуы бекер емес.


Арнайы мамандарымыз жеткіншек ұрпақтарымыздың адами қарым-қатынасын жасауға, қоғам тірлігі үшін материалдық өндіріс саласында еңбек етуге даяр болуға, еңбек ету қажеттілігін ажырата білуге, музыкаға, өнерге, әдебиетке ынтасын үнемі жетілдіру барысында жұмыс жасап жатыр. Осыған дәлел ретінде мектебімізде жеті сенбі бойы өтіп жатқан 7 сынып оқушылары, ата-аналармен «Берік отбасы» жеке коучинг бағдарламасын енгізу жобасы. Бұл жоба бойынша 7 А және 7К сыныптарының ата-аналары мен балалары қатысуда. Жобаның негізгі мақсаты өтпелі кезеңдегі жеткіншектің міне-құлқындағы өзгерістермен ата-анаға жұмыс жасауды үйрету, отбасындағы түсінбеушіліктің алдын алу, бала мен ата-ананың ынтымақтастығын арттыру болып табылады.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру» мақсатында екінші жартыжылдықта жоспарға сәйкес 9-11 сынып қыздарына жеке бас гигиенасы және жеке бас саулығына байланысты ата-ана, гинеколог: Редькина Р.В. дәріс оқыды. Әр оқушы өзін мазалаған сұрақтарын қойып, ашық диалог құрды. Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында жыл бойы мектебімізде түрлі спорттық шаралар мен кездесулер өтті.

**Ұлы даланың жеті қыры- Қазақ дүниетанымы даналығының дәлелі** атты семинарды 7 А сыныбының ата-анасы- Шолпанбаев Бақытгерей Бақтұрұлы ұлы-математика ғылымы PhD докторы, “Үж жүз” қоғамдық қорының директоры Бірлік шаңырағына(7А-9Лсыныбына) семинар өтті.

Бұл өткен семинардан оқушылар туған ел, ата-бабалары туралы бұрын білмеген көп ақпараттарды білді. Ана тіліміздің қандай құдыретті, бай екеніне тағы да көздері жетті. Біздің ата-бабаларымыз бұрыннан білген, қазіргі күнде ғылыммен дәлелденіп отырған қызықты ғылыми дүниелерді көріп, таңқалды. Шірік-Рабат археологиялық жәдігерлері жайлы мағлұматтармен таныс болды. Кері байланыс ретінде Масару Эмото тәжірибесін пайдалана отырып, оқушылар ой түйді. Жалпы бұл семинар өте қызықты өтті. Біздің өз тарихымыз, тіліміз бен дінімізді тереңірек тануға көп көмек берді деп сенімді түрде айта аламыз. Оқушылардан кері байланыс алынды.

Серибай Мадина Махмедқызы - Қазақстан бұрынғы Дешті Қыпшақ жерінде құрылды. Дешті Қыпшақ жерің Ұлы дала деп атаған. Сәйкесінше осы ұлан-байтақ жердің мұрагерлері ол - біз. Себебі осы жерді біздің ата-бабамыз біз үшін сақтап келген. Және менің ойымша осы жерді, біздің елімізді өркендету ол біздің парызымыз.



Ата-ана мен мектептің арасындағы тығыз қарым-қатынас, жүйелі жұмыс мектептің

барлық бағыттағы жұмыс сапасының кепілі деп есептеймін. НЗМ мектептерінде құрылған кураторлық қызмет ата-ана мен мектептің арасындағы негізгі байланыстырушы құрал. Жылдық жоспарға сәйкес мектебімізде тоқсан сайын ата-аналар жиналысы өткізіліп, пән мұғалімдерімен кездесу ұйымдастырылады. «Ашық есік» күні аясында баласының барлық сабақтарына қатысқан ата-аналар пәндер мен тәрбие жұмысының қырларына баға берді. Мектебіміздегі ата-аналар университеті, ата-аналар комитеті, сыныптың ата-аналар комитеті қоғамдық өмірге белсене араласушы, мектеп алдында тұрған міндеттерді бірге атқарушы серігі болып табылады. Кез-келген ірі шара ата-аналар қауымдастығының қолдауымен өтіп жатқаны біз үшін үлкен көмек. «Қоғамға қызмет» жобасы аясындағы шаралар, Наурыз мерекесі, түрлі сайыстар, «Мерейлі отбасы», «Берік отбасы», Даналық бейсенбісі аясында кездесуге келген ата-аналар бұл бағыттағы жұмыстың бір қыры ғана.



Ұсыныстар: ата-аналардың педагогикалық сауатын көтеру, ата-аналар комитетінің жұмысымен байланысты арттыру, ата-аналармен жеке

жұмыс жүргізу, ата-аналарды оқушылардың оқу-тәрбие үрдісінің нәтижелерімен, барысымен жүйелі таныстыру.

Мұндай маңызды істерді жүзеге асыруда тәрбиеші тәрбие жұмысының мақсатын, міндеттерін, мектептің ерекшелігін, ата-аналар құрамын, ата-ана мен тәрбиешінің қарым-қатынасының негізгі ұстанымдарын ескеріп есепке алады.

Ата-ананың және мектептің алдында тұрған ортақ міндет саналы да зиялы ұрпақ тәрбиелеуде біріккен жұмыс қашан да өз нәтижесін береді.

**Тәжірибе тарату:** Кураторлық қызметтің алдында тұрған негізгі мақсаттардың бірі НЗМ тәрбие жұмысын Алматы қаласы және Алматы облысының жалпы білім беру мектептеріне тарату болып отыр. Осы мақсатта оқу жылының басында тәжірибе тарату координаторы Жумалиева А.Е. жылдық жоспар жасады және оған сәйкес тәжірибе тарату жұмысы 6 рет өткізілді, 629 мұғалім қамтылды.

Тәжірибе таратуға қатысушы мұғалімдердің қызығушылығы мектеп өмірін жандандыратын НЗМ қолға алынған жобалар және ата-анамен жұмысты ұйымдастыру болып отыр.

Мектеп тәжірибесін тарату координациясы бойынша кураторлар толық қамтылды. Кураторлық қызмет жыл бойы өз семинар-тренингтерін белсенді әдіс-тәсілдермен өткізе отырып, неғұрлы көп ақпарат беруге тырысты. Мектепте буккросинг жобасының іске асуы туралы және өзін - өзі басқару ұйымдарының тәжірибесімен бөлісті. Оқушыларды кітапқа қызықушылықтарын арттару үшін "РЕАДх" жобасын көрсетілді. Кері байланыста өз тәжірибелеріне енгізетіндіктерін айтып, болашақта қолдау көрсетуді сұрады. Тәрбие жұмысын іске асырудағы мақсат қоюдың тиімділігі туралы және НЗМ жобаларының бала тәрбиесіндегі ықпалы туралы айтылып, жалпы мектепте енгізудің жолдары көрсетілді. "100 кітап", "100 ән" және ТЕТ жобалары мұғалімдер үшін қызықты болды. Семинарлар барысында мұғалімдер үшін сынып сағаттарында НЗМ жобаларын қолдану жолдары көрсетілді.

Оқушылардың интеллектуалдық, рухани және мәдени дамуына бағыталған бірқатар шаралар кураторлармен ұйымдастырылды. Атап айтқанда, «Умники и умницы», «Сағыныш әні», «Алтын күз», «Математикалық футбол», «Брейн-ринг», Жаңа жылдық шырша. Бұл жартыжылдық спорттық шараларға да толы болды: асық ойыны, футбол, волейбол, баскетболдан сайыстар және т.б.

Жылдық жоспарға сәйкес оқушылардың қаламыздың мәдени орындарына саяхаттары ұйымдастырылды. Бірінші жартыжылдықта Ғ.Мүсірепов атындағы жасөспірімдер театрына келген Астана Жастар театрының қойылымдарын, «Көзім бір көрінсең бала ғашық», «Қыз Жібек», 330 оқушы тамашалады. 9-11 сыныптың 40 оқушысы Жамбыл мұражайына барса, 7 сыныптың 48 оқушысы Елбасы мұражайына барды. 3-тоқсанда «Театр күні» ұйымдастырылып, 500 оқушы мен ата-ана, 280 мектеп қызметкерлері М.Әуезов театрының қойылымдарын тамашалады.

Қорыта айтқанда тәрбие саласындағы атқарылған жұмыстар ТЖ бойынша жылдық жоспардағы барлық саланы қамтыды, өткізілген іс-шаралар оқушылардың қажеттіліктерін ескерді. НЗМ мектебінде қолға алынған жобалардың барлығы жүзеге асты.

## 9. РАБОТА МЕДИЦИНСКОЙ СЛУЖБЫ МЕДИЦИНАЛЬК ҚЫЗМЕТКЕ ЖҮГІНУ БОЙЫНША ЕСЕП

Мектеп медицина қызметкерлерінің құрамы: Педиатр дәрігері – 1, Стоматолог – 1, Медбике – 1, Диет-медбике – 1.

Медицина қызметкерлері мектеп оқушыларына оқу барысында алғашқы жедел медициналық көмек көрсетуде. Оқу жылы басынан бүгінгі күнге дейін 3645 бала қабылданды. Оның ішінде, бірінші орында тыныс мүше аурулары (жыл мезгілі мен ауа-райы жағдайларына байланысты), екінші асқазан және өт аурулары (оқушылардың үйлерінде тамақтану режимі бұзылғандықтан), үшінші орында жүйке жүйесі ауруларына (оқу жүктемесіне байланысты) шағымдар болды.

2018 жылдың қыркүйек айында «Шотокан» каратэ бойынша чемпионатқа қатысушыларын тексерістен өткізді, сол сияқты қазан айында «Scala open» спорттық жарысқа дайындықта медициналық тексерістен өткізді, мектепішілік 9-сыныптар арасында футболдан өтетін мектепішілік жарыста оқушыларды тексерістен өткізді. 4.12.18ж күні Halleybury жүзу бойынша медициналық тексерістен өткізілді.

2019 жылында ұйымдастырылған футбол, волейбол және баскетбол ойындарына қатысушы балалар медициналық тексерілуден өткізіліп, жарыс барысында дәрігер қызметкерлерімен бақыланды. Әскери-патриоттық мектепілік «Айбын» эстафетасына қатысып, медициналық көмек көрсетілді.

Оқу жылының аяғында СЖБ 10-11-12 сынып оқушыларының күнделікті бір ай көлемінде қатаң бақылауда кезекшілікпен медицина қызметкерлерінің көмегімен бақыланды.

XXII республикалық «Дарын» ұйымдастырған «Бастау» 2-4 сынып оқушыларына арналған математикалық олимпиадада болған оқушылар мен мұғалімдер медициналық бақылауда болды.

Балалардың сабақтан қалу себептерімен төмендегідей анықтамалар алынды. Бірінші орында, тыныс алу ауруларына, екінші орында жүйке аурулары, үшінші орында асқазан және өт ауруларына байланысты оқушылар сабақтан қалғандығы тіркелді.

### Аурулар

Оқушылар әкелген анықтамалар бойынша	2018-2019
Тыныс алу	362
Асқазан	10
Көз	8
Құлақ	3
Тері	5
Жүйке жүйесі	13
Жүрек-қан тамыр	3
Сүйек-бұлшық ет аурулары	14
Жарақат, улану	16
Жұқпалы аурулары	0
Зәр шығару	3
эндемиялық зоб	3
аллергиялық ринит	9
Өт шығару жолдары	13
Басқа аурулар	39
барлығы	501

### Анықтамалар бойынша




Профилактикалық медициналық қараулар	2018-2019
Профилактикалық медициналық қарауға жататындар қаралды	862
Скрининг өтпегендер	857
Науқастануына байланысты	5
Сабакта болмаған	2
Денсаулық топтары 1	3
Денсаулық топтары 2	541
Денсаулық топтары 3	259
	57



Жыл бойында жоспарлы түрде аурулардың алдын алу бойынша іс-шаралар ұйымдастырылып, оқушыларға ауруларға қарсы профилактикалық екпе салынды. ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің 2017 жылдың 25 желтоқсандағы №994 бұйрығы негізінде туберкулездің алдын-алу мақсатымен балаларға Манту сынамасы мен флюорография жасалды.

### Профилактикалық екпелер

Манту сынама	Саны
Вакциналық екпеге жататындар	187
Екпе салынғандар	110
Екпе салынбағандар	1
Медициналық көрсетпелер бойынша	11
Бас тарту	65



Бұлшықеттің тырысып қалу мен жұқпалы тамақ ауруларының алдын алу мақсатында 16 жасқа толған мектеп оқушыларына екпе салынды. Мектеп медбикесі екпе салу үшін әрбір оқушының ата-анасынан рұқсат алады. Екпе салар алдында міндетті түрде тексеруден өткізіледі.

АДС – м екпе	саны
Екпеге жататындар	211
Екпе алғандар	120
Екпе алмағандар	0
Медициналық көрсетілімдер бойынша	20
Бас тарту	69
Оқудан шығу	2

Алматы қаласындағы №36 қалалық емханамен бірлесіп жұмыс атқарылуда және жасалған екпелер туралы ай сайын есеп тапсырылады.

Медициналық тексерудің мәліметтері бойынша жиі ауыратын балалар кіретін қатер тобы белгіленеді. Бұл топтағы әрбір бала үшін тағайындалатын созылмалы патологияларының қалыптасу деңгейіне, функционалдық ауытқушыларының анық байқалуына сәйкес мерзімде қаралады. Оқушылардың бұл тобына сауықтыру жүргізу өте маңызды. Дер кезінде өткізілген емдеу-сауықтыру іс шаралары өсіп келе жатқан ағзаны қалпына келтіру және нығайтуға көмектеседі.

Жиі ауыратын балалар тобы (жылына 4 рет және одан да көп ауыратын балалар) ерекше орын алады. Бұл топ үшін сауықтыру іс шаралары иммунитетті жоғарылатуға және ағзаның резистенттілігіне бағытталуы тиіс.

Медициналық қызмет көрсетудің міндетті бөлігі созылмалы аурулары бар оқушыларға диспансерлік бақылау көрсету. Диспансерлеу әдетте жылына екі рет өткізіледі және тиісті емдеу-сауықтыру мекемелерінің анықтамасымен расталатын емдеу-сауықтыру іс-шараларын өткізу және зерттеулердің көлемі қажетті дәрігер мамандар мен педиатрлардың тексеруі болып табылады.



## 5. Д-есеп

	2018- 2019
Жыл соңындағы оқушы саны	121
Жүрек-қан тамыр	6
Зәр шығару	7
Тыныс алу	6
Асқазан	12
Эндокриндік жүйе	7
Миопия	25
Сүйек-бұлшықет жүйесі	14
Аллергия	6
Жүйке жүйесі	16
Құлақ аурулары	9
Жиі ауыратындар	13



Тіс дәрігері кабинетінде де күнделікті қажетті қызметтер атқарылады. Кабинет барлық қажетті құралдармен, дәрі-дәрімектермен, пломбалық материалдармен және анестетиктермен жабдықталған. Әр оқу жылына екі рет балалардың ауыз қуысына профилактикалық мақсатта тексерулер жүргізілді. Тексерілген балалар ішінен тіс жегі бар балалар дәрігердің қабылдауына шақырылады да, ем шаралар жүргізіледі. Жыл бойы емделген балалар тіс дәрігердің бақылауында болады. Бұдан басқа тіс жегің алдын алу шаралары жүргізіледі. Оқушылардың асқынған тіс жегісі немесе жұлынуға қатері бар тістері хирург дәрігерінің кеңесіне жіберіледі. Ата аналарына ескертіледі. Кейде ауру тістің етіне ісіп кетеді. Сондықтан оқушылармен әр қайсысымен жеке әңгіме жүргізіледі.

Тісті сау қалпында сақтау үшін әрбір тамақтанудан кейін ауыз қуысын шайып, тісті дұрыс тазалау қажет. Тісті тазалауда белгілі ережені есте ұстау шарт.

Оқу жылы барысында ауыз қуысын алдын алу профилактикасы жүргізіледі. Ауыз қуысы аурулары дауыстың пайда болуы мен сөйлеу қабілетіне әсер етеді.

## Тіс дәрігеріне қараулар

	<b>2018-2019</b>
<b>Барлық қаралғандар</b>	<b>950</b>
<b>Консультация</b>	<b>652</b>
<b>Справкамен келгендер</b>	<b>24</b>
<b>Асқынған тіс жегісі</b>	<b>75</b>
<b>Гингивит</b>	<b>5</b>
<b>Пародонтит</b>	<b>3</b>
<b>Ауыз қуысының аурулары</b>	<b>7</b>
<b>Проф жұмыс</b>	<b>67</b>
<b>Тіс жегі</b>	<b>530</b>

Салауатты өмір салтын ұстану, дұрыс тамақтану туралы диет-медбике жыл бойы асханамен тығыз байланыста жұмыс жасайды. Оқушылардың күнделікті қажетті дәрумендермен тамақтануын қалыптастыратын тамақ мәзірін дайындайды, сонымен қатар, оқушыларға тамақ беру кезінде, тамақты дайындау үстінде бақылау жасайды. Таңғы ас – 25%, түскі ас -35-40%, түстен кейінгі ас – 15%, кешкі ас – 20-25% тамақ мөлшерін қамтиды. Тамақ қабылдау арасы – 3-3,5 сағаттан көп болмайды. Асхана қызметкерлерін ОРВИ, ОКИ, тері ауруларына күнделікті тексеріп, журналға белгілейді. Дайын болған күнделікті тамақтың дәмін, құнарлылығын тексереді, айына 1 рет бракераж комиссиясын өткізеді. Оқушылар әрбір тамақтанып болған соң, асхана тролығымыен тазалануын бақылайды, ал айына 1 рет толық тазалық жасалынады. Атқарылатын іс-шаралардың барлығы оқушылардың денсаулығына пайдалы, иммунитетті көтеру және әр түрлі аурулардың алдын алу мақсатында жүргізіледі.

### Санитарлық-ағартушылық жұмыс

Санитарлық-ағартушылық жұмыс: 8 сынып оқушыларымен «АДС-м дегеніміз не?», 9 сынып оқушыларымен «Темекі шегудің қандай зияны бар?», жатақхана балаларымен «Педикулез және Аскаридоз ауруларының алдын-алу», кураторлармен «Флюорография және оның маңыздылығы» және «Манту сынамасы» тақырыптарында түрлі жұмыстар өткізілді. Оқушыларға дене шынықтыру пәнінің мұғалімдерімен бірге «Досыңды жолда қалдырма!» тақырыбында спортпен шұғылдану кезінде болатын жарақаттар мен алғашқы көмек көрсету туралы әңгіме өткізіліп, спортзалда тәжірибелер жүргізілді. Ішкі жиынтық бағалау барысында «Дәрумендер жәрменкесі» ұйымдастырылып, білімгерлерге дәрумендер таратылды. Жеке бас гигиенасы, тұмаудың, менингит пен вирусты гепатиттің алдын алу тақырыптарына лекциялар өткізілді. Мектептің диетолог мейірбикесімен бірге оқушылар асханада тағамдар құрамын талқылап, дайындалды. Мүгедек балалардың ата-аналарымен жеке жұмыстар жүргізіліп, кеңестер берілді. Тәрбиешілермен алғашқы көмек тақырыптары бойынша тәжірибелік сабақтар жүргізілді. Қатер топта болған оқушылармен суицидті алдын алу мақсатында әрбір оқушымен жеке әңгіме жүргізілді, жыл бойы бақыланды.

Тіс емдеу кабинетінде оқушылармен «Дұрыс тамақтану», «Тіс жегі дегеніміз не?», «Тіс саулығына қажетті минералдар мен витаминдер», «Гингивит, Стоматит» тақырыбында жұмыстар жүргізілді. 7-сынып оқушылардың ата-аналарымен жұмыс жасалып, оқушылардың медициналық құжаттары қабылданды.